

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 және 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 желтоқсандағы N 1271 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен.

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 145-құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) ***Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.***

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 4 желтоқсандағы

№ 1271 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 10 наурыздағы

№ 378 қаулысымен

бекітілген

Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесі

ЕурАзЭҚ	СЭҚ	ТН	К	О	Д	Ы	Тауардың атауы
1							2

0206-дан:(**)							ірі қараның, шошқаның, қойдың, ешкінің,
0206 10 100 0,							жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың
0206 22 100 1,							фармацевтика өнімін өндіру кезінде
0206 29 100 0,							пайдаланылатын жас күйіндегі, салқындатылған
0206 30 200 1,							немесе тоңазытылған тамақтық қосымша өнімдері;
0 2 0 6	3 0				3 0 0		1 ,
0 2 0 6	3 0				8 0 0		1 ,
0 2 0 6	4 1				2 0 0		1 ,
0 2 0 6	4 1				8 0 0		1 ,
0 2 0 6	4 9				2 0 0		1 ,

0 2 0 6	4 9	8 0 0	1 ,
0 2 0 6	8 0	1 0 0	0 ,

0206 90 100 0,

0507 90 000 0-ден фармацевтика өнімін өндіру үшін пайдаланылатын (\*\*)  
маралдың мүйізі ғана;

1108-ден (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын бидай, жүгері, картоп крахмалы;

1211-ден (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын жас күйіндегі немесе кептірілген, бүтін немесе ұсақталған, жармаланған немесе ұнтақталған өсімдіктер ғана, олардың жекелеген бөліктері (тұқымы мен жемісін қоса алғанда);

1302-ден (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын өсімдік шырындары мен сығындылары, агар-агар ғана;

1504 20-дан (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын балық майы, май және олардың фракциясы, балық бауырынан алынатын майдан басқа;

1505 00-ден (\*\*)  
ланолин өндіру үшін пайдаланылатын шайыр;

1515-тен (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын өсімдік майлары және олардың фракциялары;

1702-ден (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын қатты күйіндегі химиялық таза лактоза, мальтоза, глюкоза және фруктоза ғана;

2106 90 980 3-тен дәрілік зат ретінде Қазақстан Республикасында тіркелген, тағамға теңгермелі қосуға арналған витаминдер мен минералдық заттардың қоспалары;

2207 10 000 0-ден фармацевтика өнімін өндіру кезінде (\*\*)  
пайдаланылатын, 80% немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті;

2501-ден (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын таза натрий хлориді ғана;

2520 10 000 0-ден стоматологияда және протездік-ортопедиялық (\*\*\*)  
бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын керіш,

2 5 2 0 2 0 9 0 0 0 - д е н а н г р и д ;

(\*\*\*) стоматологияда пайдаланылатын кальциленген керіш немесе кальций сульфаты;

2526 20 000 0-ден фармацевтика өнімін өндіру кезінде (\*\*\*) пайдаланылатын жармаланған немесе ұнтақталған тальк;

2712 10 900 0-ден фармацевтика өнімін өндіру кезінде (\*\*\*) пайдаланылатын өзге мұнай вазелині;

28-топтан (\*\*\*) фармацевтика және медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын бейорганикалық химия өнімдері: қымбат бағалы металдардың, жерде сирек кездесетін металдардың, радиоактивті элементтердің немесе изотоптардың бейорганикалық немесе органикалық қосылыстары;

2851 00 100 0-ден медициналық мақсатта пайдаланылатын (\*\*\*) дистилденген және кондуктометриялық су мен тазалығы осындай су;

29-топтан (\*\*\*) фармацевтика және медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын табиғи немесе синтезделген органикалық химиялық қосылыстар;

30-топ фармацевтикалық өнім;

3102 10 100 0-ден фармацевтика өнімін өндіру кезінде (\*\*\*) пайдаланылатын сусыз құрғақ өнімге есептелгенде 45% астам азоттан тұратын зәрлік;

3204 13 000 0-ден фармацевтика және медицина өнімін өндіру (\*\*\*) кезінде пайдаланылатын негізгі бояғыштар және солардың негізінде дайындалған препараттар;

3301-ден (\*\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын эфир майы;

3305 10 000 0 Қазақстан Республикасында дәрілік заттар ретінде тіркелген, медициналық мақсатта қолданылатын сусабындар;

3307 90 000 0-ден көру линзаларын немесе көз протездерін сақтауға арналған ерітінділер;

3407 00 000 0-ден "тіс дәрігерлік балауыз" немесе тіс қалыбын (\*\*\*) алуға арналған құрамдар, тіс дәрігерлік мақсатына арналған құрамдар ғана, керіштің (кальциленген керіштің немесе кальций сульфатының) негізінде дайындалған өзгелер;

3503 00 100-ден медициналық мақсатта пайдаланылатын желімтек (\*\*\*) және оның туындылары;  
3503 00 800 9-дан фармацевтика өнімін өндіру кезінде (\*\*\*) пайдаланылатын қатты желатинді қапшықтар;  
3506 91 000 0-ден медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын (\*\*\*) каучук негізінде жасалған балқытылған желім;  
3507-ден (\*\*\*) медициналық мақсаттарға арналған, басқа жерде аталмаған ферменттер (энзимдер), ферменттік препараттар;  
3701 10 100 0-ден медициналық, стоматологиялық немесе (\*\*\*) ветеринарлық мақсаттарға арналған, қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған жайпақ рентгендік фотопластинкалар мен фотоүлдірлер;  
3702 10 000 0-ден медициналық, стоматологиялық немесе (\*\*\*) ветеринарлық мақсаттарға арналған, қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған ораулы рентгендік фотоүлдірлер;  
3707 90 110 0-ден рентген үлдіріне арналған бейне шығарғыштар мен бейне бекіткіштер;  
3802 10 000 0 (\*\*\*) активтенген көмір;  
3807 00-ден (\*\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын ағаштың қара майы;  
3822 00 000 (\*\*\*) 3202 немесе 3006-тауар позициясындағы тауарлардан басқа, ұлтанды диагностикалық немесе зертханалық реагенттер, ұлтанды немесе ұлтансыз дайын диагностикалық немесе зертханалық реагенттер, сертификатталған эталон материалдар;  
3824 90-нан (\*\*\*) фармакологияда немесе хирургияда қолданылатын  
3824 90 610 0 өнімдер және құрамдар;  
3 8 2 4 9 0 6 2 0 0  
3824 90 640 0  
39-топтан (\*\*\*) фармацевтика және медицина өнімін, сондай-ақ протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын полимер материалдар, пластмассалар және олардан жасалған бұйымдар;

- 3908-ден (\*\*)  
полиамидтер;  
протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын бастапқы нысандағы
- 3909 50-ден (\*\*)  
протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде, сондай-ақ оптикалық линзаларды жылтырату үшін пайдаланылатын бастапқы нысандағы полиуретандар;
- 3910 00 000 0-ден (\*\*)  
протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын бастапқы нысандағы силикондар;
- 3920-дан (\*\*)  
фармацевтика және медицина өнеркәсібінде кезінде пайдаланылатын поливинилхлоридтен жасалған материалдар;
- 3926 90 990 9-дан  
медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын поливинилхлоридтен жасалған бұйымдар (тамшуырлар, спринцовкалар, жылытқылар, сүтсорғыштар, балалардың тісін қатайтуға арналған сақиналар мен Эсмарх ыдысы);
- 4008-ден (\*\*)  
протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын қатты резеңкеден басқа пластиналар, қаңылтырлар, жолақтар немесе таспалар, шыбықшалар және вулканизацияланған резеңкеден жасалған қалыптық профилдер;
- 4014 10 000 0  
қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған контрацептивтер;
- 4014 90-нан (\*\*)  
фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған  
т ы ғ ы н д а р ;
- 4014 100 0  
қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған емізiктің түрлері және балаларға арналған сол сияқты бұйымдар;
- 4014 90 900 0-ден  
медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын резеңке жылытқыштар мен резеңке спринцовкалар;
- 4015 11 000 0-ден (\*)  
медициналық қолғаптар: хирургиялық және карауға арналған, стерильді және стерильді емес;

4104-тен (\*\*) протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын мүйізді ірі қараның немесе жылқы тұқымдас малдың терісінен жасалған жүнсіз тықыр былғары;

4803 00 900 0 (\*\*) медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын орамдағы целлюлоза талшығынан жасалған кенеп;

4811 90-нан (\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде қолданылатын қағаз, қатырма қағаз, целлюлозды мақта және целлюлозды талшықтан жасалатын к е н е п ;

4811 59 000 0-ден (\*\*) медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын жоғары молекулалы полимермен қапталған ауа өтетін қағаз;

4818 90 100 0 (\*\*\*) бөлшек сауда үшін бөлшектеп оралмаған, хирургиялық, медициналық немесе гигиеналық мақсаттарда қолданылатын бұйымдар;

4823 90-нан (\*\*\*) медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын ені 36 см-ден аспайтын орамдағы қағаз;

5208 11 100 0 (\*\*) бинттер, таңу материалдары мен медициналық

5208 21 100 0 (\*\*) дәке дайындауға арналған маталар;

5603-тен (\*\*) медицина өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын химиялық талшықтардан жасалған маталық емес материал;

6115 93 100 0 күре тамырлары варикоздық кеңейген науқастарға арналған синтетикалық жіптен тоқылған шұлық;

6804 22 300 0-ден (\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын, қыш немесе силикат материалдарынан (скарификаторлар) алынатын қайрақ жасауға арналған жақтаусыз бұйымдар;

6909-дан (\*\*\*) медицинада пайдаланылатын, зертханалық,

6909 90 000 0-ден химиялық мақсаттарға арналған қыш бұйымдар;

басқа

7001 00 910 0-ден (\*\*) фармацевтика өнімін жасау және өндіру кезінде қолданылатын оптикалық шыны;

7010 20 000 0-ден (\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын тығындар, қақпақтар және шыныдан жасалған сол сияқты өзге бұйымдар;

7010 10 000 0 фармацевтика өнімін өндіру кезінде

7010 90 710 0 пайдаланылатын бөтелкелер, сауыттар, банкілер,

7010 90 790 0-ден ампулалар мен өзге де шыны ыдыстар;  
(\*\*)

7015 10 000 0-ден көзді түзетуге арналған көзілдіріктерге  
(\*\*) арналған шыны;

7017-ден (\*\*) зертханалық немесе фармацевтикалық мақсаттарға  
арналған, өлшем сызығы белгіленген немесе  
белгіленбеген, калибрленген немесе  
калибрленбеген шыны ыдыстар;

7607 19 910 0, дәрілік заттарды өндіру кезінде блистерге орау  
7607 19 990 0-ден үшін пайдаланылатын негізі жоқ алюминий фольга;  
(\*\*)

7616-дан (\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде  
пайдаланылатын алюминийден жасалған өзге  
бұйымдар (тубалар);

8001 20 000 0-ден линзаларды окшаулауға арналған оңай балқитын  
(\*\*) металл (Вуд қоспасы);

8309 90-нан (\*\*) фармацевтика өнімін өндіру кезінде  
пайдаланылатын алюминийден жасалған тығындағыш  
қақпақтар;

8419 20 000 0 медициналық, хирургиялық немесе зертханалық  
стерилизаторлар;

8713 (\*\*\*) қозғалтқышпен немесе қозғалуға арналған басқа  
механикалық құрылғылармен жарақталған немесе  
жарақталмаған, қозғала алмайтын адамдарға  
арналған арбалар;

8714 20 000 0 (\*\*\*) қозғала алмайтын адамдарға арналған арбалардың  
бөлшектері мен керек-жарақтары;

9001 30 000 0 контактілі линзалар;

9001 40 410 0 екі жағынан өңделген, бір фокальды, көзді  
түзету үшін, көзілдірікке арналған шыныдан  
жасалған линзалар;

9001 50 410 0 екі жағынан өңделген, бір фокальды, көзді  
түзету үшін өзге де материалдан жасалған  
көзілдірікке арналған линзалар;

9003-тен (\*\*) көзілдіріктерге, қорғаныштық көзілдіріктерге  
(9003 19 100-ден (күнге киілетіндерінен басқа) немесе осындай  
басқа) оптикалық аспаптарға арналған оправалар мен  
арматура және олардың бөліктері;



- 9004 көзілдіріктер, қорғаныштық көзілдіріктер  
(9004 10-нан басқа) (күнге киілетіндерінен басқа) және көзді түзейтін осындай оптикалық аспаптар;
- 9011-ден (\*\*\*) медициналық мақсаттарда пайдаланылатын оптикалық күрделі микроскоптар;
- 9016 00 (\*\*\*) сезгіштігі 0,05 г және одан жоғары салмаққа арналған, әр салмақтағы және оларсыз таразылар, олардың бөліктері мен керек-жарақтары;
- 9018-ден сцинтиграфиялық аппаратураны қоса алғанда, медицинада, хирургияда, стоматологияда немесе ветеринарияда қолданылатын аспаптармен қондырғылар, өзге де электромедициналық аппаратура және көзді зерттейтін аспаптар (солярийлерден басқа);
- 9019-дан (\*) механотерапия құрылғысы; массаж аппараттары; қабілетті анықтайтын психологиялық тесттерге арналған аппаратура озонмен, оттегі мен және аэрозольмен емдеуге, қолдан тыныс алдыруға арналған аппаратура немесе өзге де терапевтік тыныс алу аппаратурасы;
- 9020 00 (\*) медициналық мақсаттарға арналған, механикалық детальдар және ауыстырмалы сүзгілерсіз қорғаныштық маскалардан басқа, өзге де тыныс алу жабдықтары мен газ маскалары;
- 9021 балдақшаларды, хирургиялық белдіктер мен бандаждарды қоса алғанда, ортопедикалық құрылғылар; сынықты емдеуге арналған шина және өзге құрылғылар; дененің жасанды бөліктері; есту аппараттары және денеде жүретін, бірге алып жүретін немесе органның кемістігін не оның жұмыс қабілетінің жоқтығын толықтыратын өзге құрылғылар;
- 9022-ден (\*) рентгенографиялық немесе радиотерапевтік аппаратураны, рентген түтігін қоса алғанда, медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық пайдалануға арналған рентген, альфа, бета немесе гамма сәулелерін пайдалануға негізделген аппаратура және

рентген сәулелі өзге генераторлар, жоғары қысымды генераторлар, қалқандар мен басқару пульттері, экрандар, үстелдер, креслолар және тексеруге немесе емдеуге арналған соған ұқсас

бұйымдар;

9025 11 910-нан медициналық немесе ветеринарлық термометрлер;

9027-ден (\*\*\*)

медициналық мақсаттар үшін: химиялық талдауларға арналған құралдар мен аппаратура (мысалы, поляриметрлер, рефрактометрлер, спектрометрлер, газ немесе түтін талдауыштар); тұтқырлығын, кеуектілігін, кеңеюін, үстіңгі жағының созылғыштығын, соған ұқсастығын өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппаратура; жылуын, дыбысын немесе жарық мөлшерін өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппараттар (экспонетрлерді қоса алғанда); микротомдар; бөліктері мен олардың

керек-жарақтары;

9402-ден

медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық жиһаздар (мысалы, операциялық үстелдер, қарауға арналған үстелдер, механикалық құрылғылары бар аурулардың төсектері, стоматологиялық креслолар), жоғарыда аталған бұйымдардың бөлшектері;

---

Тауарлардың номенклатурасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) коды және тауардың атауы бойынша анықталады.

"\*", "\*\*", "\*\*\*" сілтемелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесінде айқындалады.